

# Ленин жұлдыз

(6)П СІЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕНШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚН(6)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№180 (8640)

Сәрсенбі 12 сентябрь 1945 жыл

Шығуы а 27-жыл  
Жеке сан. 20 тыйын

## Міндеттенген екенсің—міндетіңді орында, серт берген екенсің--сертіңде тұр

Еліміздің халықтары жеңіс салтанатын тарихи күндерін басынан өткізіп тұр. Осы жылы 8 майда гитлершіл Германияның қарулы күштерінің сөзсіз тіпті бүгүі туралы Актіге қол қойылса, 21 сеп-тябрьде шығыстағы хауіпті жау—Жапония шапқыншылығының Қызыл Армиямен Одақтастарымыз армиясы алдында әлсіз тізе бүгүі туралы Актіге қол қойылды. Сөйтпін, дүние жүзінің барлық бостандық сүйгіш халықтары аңсап күткен жеңіс күші туды, еліміздің халықтары жеңіс салтанатын мерекелей отырып, бейбіт өмірде дәуіріне қарыштай қадам басты.

Енді бейбіт өмірде дәуірі бізге әлі өдік, бұл бізді табысқа мақтауға, арқанды жеңіс салуға, жайбарақаттануға үйретпейді. Қазір халық шаруашылығының барлық тарауы және оның ішінде ауыл шаруашылығы алдында зор міндеттер тұр. Соғыстың өткен төрт жылы бізге дайға түскен жоқ, ол шаруашылығымыздың барлық тарауына көп жара түсірді. Енді сол жараны тезірек жазуға барлық күш-мүмкіншілігімізді жұмылдыруымыз керек.

Совет халқының тарихи жеңістеріне жігерленген Алматы облысындағы Алматы селендік ауданының еңбекшілері республикамыздың барлық колхозшыларын, колхозшы әйелдерін, МТС және совхоз жұмысшыларын, ауыл шаруашылығының барлық мамандарын егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру және күзгі егіс ету жұмыстарын мерзімінен бұрын, ойдағыдай аяқтауға шақырып, тамаша игілікті бастамаға ие болды. Оларға еліміздің халық шаруашылығына соғыс түсірген жараны тезірек жазуға мемлекетімізге барынша көмектесуге шақырды.

Алматылық колхозшылардың үндеуін

отырған Соколов ауданындағы «Труд» және «Трудовик», Совет ауданындағы «Қарағайлы», Мамлют ауданындағы «Молодая гвардия» және «Росток социализма» колхоздарын қосағанда болар еді.

Дегенмен, облысымызды жалпы алғанда міндеттеменің орындалуы барлық жерде бірдей болып отыр деп айта алмаймыз. Өйткені облыс колхоздары күзгі егіс ету жоспарын 10 септябрьге дейін орындауға міндеттелсе, 9 септябрьге дейін жоспардың тең жартысы да орындалған жоқ. Ал, бұл мерзімге дейін барлық егіннің небары 50,1 проценті ғана орылды. Жай машиналармен орылған егіннің басым көпшілігі әлі күнге бастырылмай отыр. Көптеген колхоздарда комбайнға сенушілік, астық бастыруға молотилкалар, қырман тастарды және тағы да басқа ішкі мүмкіншіліктерді жете пайдаланбаушылық, тіпті бұларға назар аудармаушылық орын теуін отыр. Міне, мұның өзі мемлекетке астық тапсыру жұмысы, қарқынының бәсең болуына әкеліп соғып отыр. Облыс колхоздарында 5 септябрьге дейін астық тапсыру жоспарының небары 15,5 процент ғана орындалғандығын тікелей осыдан деп түсінуіміз керек.

Бір мысал келтірейік. Мамлют ауданындағы «Память Бирова» колхозында 400 гектардан аса егін лобопрейкалармен орылған, бірақ бұл егінді бастыру жұмысы әлі ұйымдастырылмаған. Колхоз председателі Жуков жолдас комбайндардың егін орудан босауын күтіп отырған көрінеді. Ал ол молотилкалар мен тас қырмандарды астық бастыруға пайдаланбай отыр.

Алынған міндеттемеге бұлай қарауға болмайды. Міндеттеме тек қағаз жүзінде

## Советтер Одағының Маршалы Александр Михайлович Василевскийді екінші рет „Алтын Жұлдыз“ медалімен наградтау туралы

### ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Жапон империалистеріне қарсы күрес майданында ұрыс қыймылдарын басқару жөнінде Жоғарғы Бас командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге қол жеткен табыстары үшін Советтер Одағының Батыры, Советтер Одағының Маршалы Александр Михайлович Василевский екінші рет «Алтын Жұлдыз» медалімен наградталсын, бронзадан суреті жасалып, оның туған жерінде биікке орнатылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН.**  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН.**  
Москва, Кремль, 1945 жылғы 8 септябрь.

## Советтер Одағының Маршалы Р. Я. Малиновскийге Советтер Одағының Батыры атағын беру туралы

### ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Жапон империалистеріне қарсы күресте Жоғарғы Бас Командованиенің ЗАБАЙКАЛ майданы әскерлерінің ұрыс қыймылдарын басқару жөніндегі жауынгерлік тапсырмаларын өнегелі орындап, мұнымен бірге қол жеткен табыстары үшін Советтер Одағының Батыры Родион Яковлевич Малиновскийге Советтер Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі қоса тапсырылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН.**  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН.**  
Москва, Кремль, 1945 жылғы 8 септябрь.

## Советтер Одағының Маршалы К. А. Мерецковты „Жеңіс“ орденімен наградтау туралы

### ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1-ҚИЙЫР ШЫҒЫС майданының жапон империалистеріне қарсы ұрыс қыймылдарына басшылық ету жөнінде Жоғарғы Бас Командованиенің тапсырмаларын шеберлікпен орындап, мұнымен бірге қол жеткен табыстары үшін Советтер Одағының Маршалы Кирилл Афанасьевич Мерецков «Жеңіс» орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН.**  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН.**  
Москва, Кремль, 1945 жылғы 8 септябрь.

# Өзімізге міндеттеме ала отырып, оны аброймен орындау үшін және республикамыздың 25 жылдық мерекесін еңбекте жаңа табыстарға жетумен қарсы алу үшін қажет болған істің барлығын істейміз.

(Сол түстік Қазақстан облысы колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің, МТС және совхоз қызметкерлерінің, ауыл шаруашылығы мамандарының міндеттемесінен).

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(6)П Орталық Комитетінде

## 1945 жылғы августтың үшінші он күздігінде егін жыйнауда комбайндарды өнімді пайдаланған МТСтар мен совхоздарға Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(6)П Орталық Комитетінің ауызпалы Қызыл Туларын беру туралы

1945 жылғы августтың үшінші он күздігінде егін жыйнауда машина-трактор станциялары мен совхоздардың істеген жұмыстарының қорытындыларын қарай келіп, Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(6)П Орталық Комитеті қаулы етті.

1. Комбайндарды өнімді пайдаланудағы табысы үшін Жер Халық Комиссариятының төмендегі МТСтар мен Совхоздар Халық Комиссариятының совхоздарына Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(6)П Орталық Комитетінің ауызпалы Қызыл Туларын берілісін.

1. Солтүстік Қазақстан облысының Ворошилов атындағы МТСна (директоры Носко, аға механигі Жданов жолдастар) Қызыл ту Интернационал МТСнан алынып берілісін;

2. Ақтөбе облысының Мартуг МТСна (директоры Пономаренко жолдас);

3. Қарағанды облысының Литвиновский МТСна (директоры Козерол, аға механигі Бирюков жолдастар) Қызыл ту Припахты МТСнан алынып берілісін;

4. Қостанай облысындағы Аманжолді МТСна (директоры Тулба, аға механигі Запорощенко жолдастар) Қызыл ту Тобыл МТСнан алынып берілісін;

5. Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық МТСна (директоры Лебедев) Қызыл ту Рубежин МТСнан алынып берілісін;

6. Көкшетау облысының Қамсақты МТСна (директоры Терісов, механигі Захаров жолдастар);

7. Ақмола облысының ҚазЦИК атында

ағы астық совхозына (директоры Курдюков, инженері Ткачев жолдастар);

8. Жамбыл облысының Шу МТСна (директоры Постников жолдас) Қызыл ту Пиров мал совхозынан алынып берілісін.

II. Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(6)П Орталық Комитетінің ауызпалы Қызыл Тулары:

1. Алматы облысының Жанашар МТСна (директоры Пашенко жолдас);

2. Павлодар облысының Шевченко МТСна (директоры Игнатъев, аға механигі Фоменко жолдастар);

3. Жамбыл облысының Шу МТСна (директоры Гончаренко жолдас);

4. Ақмола облысының «Авангард» МТСна (директоры Коняхин, аға механигі Рыбаков жолдастар);

5. Семей облысының Жаңа Семей МТСна (директоры Фокин, аға механигі Зайноллаев жолдастар);

6. Талдықорған облысының Үшкөл МТСна (директоры Поля, аға механигі Едич жолдастар);

7. Солтүстік Қазақстан облысының Ров атындағы астық совхозында (директоры Богинич, инженері Столяров жолдастар);

8. Павлодар облысының Октябрь астық совхозында (директоры Степан бас инженері Субач жолдастар);

9. Оңтүстік Қазақстан облысының «Дарбаза» совхозында (директоры Сұлменов, аға механигі Бережнов жолдас қалдырылсын.

ҚК(6)П Облыстық Комитетінде

лып, мемлекетке астық тапсыру жөнінде і жоспарды міндетпен бұрын, 1945 жыл ы 25 октябрьге дейін орындаймыз;

Күзгі егіс егу жұмысын 10 сентябрьге ейін аяқтаймыз;

Зябь жұрту жұмысының мемлекеттік жоспарын 25 сентябрьге дейін орындай- ыз- деп өздеріне ұлғайтылған міндеттеме ды.

Міндеттеме алу ол ең жауапты жұмыс. Міндеттемені алу керек, оны орындау ерек, сөйтін міндеттенген екенсің— рында, сөрт берген екенсің—сөртінде ұр» деген қағиыданы жүзеге асыру қа- сет. Міне сонда ғана міндеттеме алу сы- қты мемлекеттік маңызы бар мәселе ой- ағыдай шешіледі.

Облысымыздың бірсыпра колхоздары ың колхозшылары алматылықтардың ндеуі бойынша, егін жыйнау, мемлекет- ке астық тапсыру, күзгі егіс егу және ябь жұрту жұмыстарындағы бүкіл одақ ық социалистік жарыста алған міндетте мдерінің бір бөлегін қазірдің өзінде аб оймен орындап шықты. Мәселен, Мам ют ауданындағы «Красный орел», Жда- гов атындағы, Полудень ауданындағы «Кіпінді» тағы басқа сол сияқты алдың ы қатарлы колхоздарымыздың колхоз ылары күзгі егіс жоспарын міндеттен ен мерзімнен анағұрлым бұрын орын- дап, жоспардан тыс ондаған гектар егіс яті.

Көптеген колхоздарымызда егін жый нау, астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары ойдағыдай күргізілуде. Бұл колхоздарда жоғарыда аталған жұмыстардың толық бойына тың ылықты ұйымдастырылуы қамтамасыз өтілді. Мұндай колхоздардың қатарына га зегіміздің бүгінгі санында жарияланырыс туын неғұрлым жоғары ұстайық!

## ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов Лондонға жүріп кетті

8 сентябрьде ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов үш мем- лекет басшыларының Берлиндегі Конференциясының қарары негізінде белгіленген сырт істер министрі кеңесінің жұмысына қатынасу үшін Москвадан Лондонға жүріп кетті.

### ШАХТАЛАРДАҒЫ ҚҰРАМАЛЫ ҮЙЛЕР

СТАЛИНО, 6 сентябрь. (ТАСС). «Ар- гемуголь» комбинаты Барело-Фин ССРнан алынған 100 құрамалы ағаш үйлер әкел ді. Мұндай үйлердің әрқайсысында өкі- үш бөлме, асхана, қойма және коридор бар. Бірнеше бөлшектерден тұратын мұн- дай үйлер құрастыруға өте қолайлы келеді. Жұмысшылардың бір бригадасы бір- жары немесе екі күн ішінде үйді толық

сөз. Артта қалғандар егін жыйнау, астық дайындау, зябь жұрту, күзгі егіс егу жұмыстарын облысымыздың жоғарыда аталған колхоздары сияқты ұйымдастыр- са, олардың әрқайсысы мұндай табысқа әбден жете алар еді. Тек жоғарыда атал- ған жұмыстарды өрістету ісін баяулат пай,оны ұйымшылдықпен қолдау, оған барлық күшті, барлық мүмкіншілікті жап пай жұмылдыру қажет болады. Комбайн- дарды егін жыйнайтын жай машиналар- ды пайдалану, егінді қолмен ору жұмы сын кеңінен өрістету керек. Бұл үшін егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстары мен күзгі егіс егуді және зябь жұртуды ұштастыра жүргізіп, бұл жұмыстардың бірде-біреуінің кезек күтіп қалмауын қадағалау керек. Мұнда астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру мейлінше күшті қарқынмен жүргізілсін. Өйткені, аудан, колхоз, МТС және сов- хоз басшыларының іске қабілеттілігі осы жұмыстардың ойдағыдай аяқталуына қарай бағаланады.

Газетіміздің кешегі санында облыс колхозшылары мен колхозшы әйелдері- нің, МТС және совхоз қызметкерлерінің, ауыл шаруашылығы мамандарының 1945 жығы егін өңімінен мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау және күзгі егіс егуді дер кезін- де, жоғары санада өткізу жөніндегі мін- дегтемесі жарияланды. Облысымыздың ауыл шаруашылығындағы жұмысының барысы тарихи жеңісімізге сай болу үшін бұл міндеттемені аброймен орындап шығатын болайық. Астық дайындау жос- парын мерзімінен бұрын орындау, күз дік егісті таңудағы күндер ішінде аяқтау жолында бүкіл одақтық социалистік жа зегіміздің бүгінгі санында жарияланырыс туын неғұрлым жоғары ұстайық!

9нан сентябрьдің 9на дейінгі мерзім ішінде дұшпанды адам күші және техни- ка жағынан мынадай шығынға ұшырат- ты:

Жаудан 925 самолет, 369 танк, 35 бронемашина, 1226 дала зеңбіректері мен өздігінен жүретін зеңбірек, 1340 мино- мет, 4836 пулемет, 300 мыңдай винтов- ка, 133 радио станциясы, 2300 автома- шина, 125 трактор мен тягач, 17497 ат, оқ-дәрі, қару-жарақ, киім-кешек және азық-түлік қойған 742 қойма ҚОЛҒА ТҮСІРІЛДІ.

Жапондардың 594 мың солдатты мен офи- цері және 148 генералы, оның ішінде 20 мыңдай жаралы әскерлері әскерлерімізге ҚОЛҒА БЕРІЛДІ. Жапондар тек елідей га-

Сонымен, жапондардың, суға батырыл- ған кемелерінің опат болған командала- рын қоспағанда, жапондардың адам жөнін дегі жалпы шығыны: қолға түсірілгені жө- не өлтірілгені бар—674 мыңнан аса сол дат пен офицер болды.

Тынық мұхит флотының кемелері мен бөлімдері осы уақыттың ішінде жапондар- дың мына шамалы кемелері мен жүзу құ- ралдарын: 2 эсминенің, 28 транспор- тын, 3 танкерін, 5 катерін, 12 баржасы мен шұхын СҮҒА БАТЫРДЫ.

Қыйыр Шығыста әскерлеріміздің осы уақыттың ішіндегі шығыны: өлгені бар 8219 және жараланғаны бар 22264 адам болды.

СОВЕТ ХАБАРШЫ БЮРОСЫ.

Сонымен, жапондардың, суға батырыл- ған кемелерінің опат болған командала- рын қоспағанда, жапондардың адам жөнін дегі жалпы шығыны: қолға түсірілгені жө- не өлтірілгені бар—674 мыңнан аса сол дат пен офицер болды.

Тынық мұхит флотының кемелері мен бөлімдері осы уақыттың ішінде жапондар- дың мына шамалы кемелері мен жүзу құ- ралдарын: 2 эсминенің, 28 транспор- тын, 3 танкерін, 5 катерін, 12 баржасы мен шұхын СҮҒА БАТЫРДЫ.

Қыйыр Шығыста әскерлеріміздің осы уақыттың ішіндегі шығыны: өлгені бар 8219 және жараланғаны бар 22264 адам болды.

СОВЕТ ХАБАРШЫ БЮРОСЫ.

# С О В Е Т Т Е Р О Д А Ғ Ы Н Д А

### УКРАИНА КОЛХОЗДАРЫНДА ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

КИЕВ, 7 сентябрь. (ТАСС). 20700ден аса жерге орналастырушылар, агрономдар мен колхоздардың жер өлшеушілері кол- хоздардың жер пайдалануын қалпына кел- тіруде жұмыс істеп жүр. Республиканың 2524 колхозында қазірдің өзінде колхоздар- дың сыртқы шекарасы белгіленді. Басқа колхоздарда да жер пайдалану шекаралары ның даусыз болуы қамтамасыз өтілді.

Колхозшылардың үй маңындағы учас- келерінің көлемі тағайындалған мөлшер бойынша белгіленуде. Полтавада бұл жұ- мыс қазірдің өзінде толық аяқталды.

Жүздеген жерге орналастырушылар мен сызықшы шеберлер колхозшылардың жер ді өмір бойына пайдалануы жөніндегі мемлекеттік актілерді қалпына келтіру ісі мен шұғылданауда. 1500 колхозға акті дер тапсырылды.

Көктем кезінен бері 5015 ауыл шаруа шылық артелинде ауыспалы егіс жерлері қалпына келтірілді.

### ДОЙБЫДАН ССРОДА БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ЖАРЫСЫ

Ригада дойбыдан ССРО да бі- рінші орын алу жөніндегі жарыс бастал- ды. Жарысқа Қызыл Армияның, Москва, Киев, Рига, Тула қалалары мен басқа қалалардағы дойбышылардың өкілдері қаты- суда.

Бірінші ойында Латвия чемпионы Ша- лурский тулалық Крыловтан жеңілді. Спорт шебері москвалық Еуперман Шмуль- яцкий (Таганрог) ұтып шықты. Қалған ойындар екі жаққа бірдей болып аяқтал- ды. (ТАСС).

### САРАЙЛАР МЕН ПАРКТЕР ҚАЛАСЫНДА

ПУШКИН, 7 сентябрь. (ТАСС). Неміс- фашист тағылар қыйратқан сымбатты қа- ла—Пушкин қаласы қайта көркеюде. Рас- темли мен Кваренги салған тамаша са- райлар, ұлы ақынды еске түсіруге байла- нысты парктер мен тарихи орындар қал- нына келтірілуде. Екатерина сарайын- да залдар мен бөлмелер қайта салынып жатыр. Олардың 12сі салынып болды. Жақын арада тақ болған залда жұмыс бас- талмақ.

Екатерина паркі тәртіпке келтірілді. Быйығы жазда мұнда мыңдаған леппи- градтықтар тағы да тынығып жүр. Алек-

сандровскі паркі тазалануда. Пушкиннің барлық жерлері олар ақынның бар кезін- де қандай болса, қазір сол түрге келтірі- луде.

Қалада 300 үй жөнделді және жаңадан салынды. Халықтың едәуір бөлегі қалпы- на келтірілген су провобынан су алуға. Сарайлар мен парктер қаласында өсімдік- тер мен ағаштар тез өгіліп жатыр. Бы- йығы жылы пушкиндіктер 10 мың түп ағаш отырғызды. Орталық көшелер мен аландарда асфальт төсөдді.

Темір жол станциясында жаңа вокзал үйі салынды.

### ДАРЬЯ ГАРМАШТЫҢ БРИГАДАСЫ ТӨРТ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАДЫ

РЯЗАНЬ, 7 сентябрь. (ТАСС). И. В. Сталин жолдастың халыққа арнаған үн- деуі облыс тракторшылары арасында өн- дірістік зор өрлеу тугызды. Колхоздардың егін далаларында машина жүргізушілердің социалистік жарысы жаңа күшпен өріс- тей түеті. Бұрынғыша, Рыбновскі МТС- ның тракторшысы Дарья Гармаштың бри- гадасы бірінші орында келеді. Гармаш бастаған бригаданың тракторшылары же- ніс хұрметіне стахановтық вахтаға тұ- рып, төрт жылдық жоспарды орындау

ісін аяқтады. 15 аттың күші бар әрбір трактормен 1600 гектар жер жұртылды. Бригада 9 тоннадан аса жанармай үнем- деді.

И. Кондрашиннің (Рыбновскі МТСнан), Т. Анисковның (Старожилевскі МТСнан) бригадалары үш жылдық жоспарды арты- ғымен орындады.

85 трактор бригадасы облыста бірінші орын алу үшін социалистік жарысқа тү- сіп, 15 аттың күші бар әрбір трактормен 500 гектар жер жұмыстады.

### ШИВЕЛУЧ ЖАНАР ТАУЫНЫҢ АТЫЛУЫ

УСТЬ-КАМЧАТСКИ, 7 сентябрь. (ТАСС). Жақын арада Камчатканың Қыйыр солтүс- тіктегі Шивелуч жанар тауы күшті взрыв- тармен атыла бастады. Взрывтар 10 ми- лутке дейін созылды. 25 километрлік ауданның үстін қаптап кетіп, бұтқа ай- малған жанар тау газдарының бағанасы катерден 3000 метрлік биіктікке көтеріл- ді. Кешкілікте 100ден аса километрлік

қашықтықтан жанар жау шыңының үс- тіңдегі ыстық газдар көрініп тұрды.

ССРО ғылыми Академиясының жанар тау зерттеу станциясының ғылыми қыз- меткері В. И. Пийптің хабары бойынша, аз уақытқа ғана созылған мұндай атылу Шивелуч жанар тауының өзіне тән іс көрінеді.

байынның өгінді орып болып, оның астық ты тұрып соғуға кірісуін күтіп отыр, ал колхозда қырман тастар, сол сияқты ас- тық бастыруға пайдалануға болатын жас жылқылар пайдаланылмай келеді.

Колхоз председателі Жуков жолдас кол- хозда астық бастыру ісінің хауіпке ұшы- рап отырғандығын түсінбейді, егер жа- уын-шашын көп болса, онда астық бас- тыру жұмысының қысқа дейін созы- латындығын, мұның өзі көп астықтың ысырапқа ұшырауына және астық дайын дау жоспарының орындалуының кешеуіл деуіне өкеліп соғатындығын ескермейді.

КК(б)П облыстық комитетінің бюросы колхоз басқармасын және колхоз предсе- йін барлық жабайы құралдарды бұл іс- толығынан пайдалануға міндеттеді.

### ЖАС ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ОҚУШ

#### МАГНИТОГОРСКИ, 7 сентябрь. (ТАСС)

Закавказье металлургия заводының техн- калық оқуға және өндірістік тәжірибел- келген жас жұмысшылары мемлекетті емтиханды ойдағыдай тапсырды. Олар құрастырушы, кокші, электрші, слесар- мамандықтарын алды. Көптеген жас мета- лургтер «өте жақсы» және «жақсы» де- ген бағамен емтихан тапсырды. Өндіріс- тік оқу мен тәжірибеде үздік шыққа- дар Хорошвили, Ревас және Джабуаноі жолдастар Магнитогор металлургия ком- биватының кокс-механикалық және қа- зан- жөндеу цехтарында слесарьлар ме- құрастырушылар бригадаларын стахан- ша басқарды. Олардың бригадалары та- сырманы 150-200 процент орындауда.

Қазір Закавказье заводының жұмысш- лары оңтүстіктің металлургия кәсі- орындарымен танысу және өздерінің ма- мандықтарын арттыра беру үшін Днепр- дзержинскі және Сулинскі металлургии заводтарына жіберілуде.

### СУДА ЖҮЗУДЕН БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАРЫС

Львовтың «Динамо» бассейнінде су- жүзуден Советтер Одағында бірінші оры- алу жөніндегі жарыс басталды. Москва- ның, Ленинградтың, Киевтің, Куйбышев- тің, Минскінің, сол сияқты Азербайжан- ның, Грузияның, Латвияның жүзгіш 40 шеберлері мен жеке командалары бірінш- орынға таласуда. Жарысқа ССРОға өңбе- сіңген спорт шебері дүние жүзілік рекорд тағайындаған Семен Бойченко, Клавди- Алешина, спорт шебері Владимир Бита- және басқалар қатысып жүр.

Жарыс бірнеше күнге созылмақ. (ТАСС).

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс

## Егін жыйнау мен астық тапсыру қарқынын өсілеп күшейтіп, алматылықтардың шақыруына іспен жауап берейік!

### Қушылар ауыл шаруашылық жұмыстарында

Быйыл жазғы дем алыс кезінде облыс өкілеттерінің оқушылары ауыл шаруашылық жұмыстарына белсене қатысты. Оқушылар Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысты өрістете тырып, еліміздің халық шаруашылығына үлге түсірген жараны тезірек жазу ісіне үш жұмсады.

Петропавл селолық ауданындағы 7 мектептен ауыл шаруашылық жұмыстарына 60 оқушы қатысты. Олардың барлығы дерлік тапсырманы үнемі орындап отырды, сөйтіп социалистік егін даласында аябай еңбек істеудің маша үлгілерін көрсетті. Мектеп оқушылары 25 июльден 1 сентябрьге дейін 16 еңбек күнге ие болды.

Бұл мектептің оқушылары ауыл шаруашылық жұмыстарында колхозға көмек сумен бірге, колхозшылар арасында ынталық жұмыстарын ойдағандай іргізді. Оқушылар күн сайын жауынгерлік листок және қабырға газеттерін шығарды. Колхозшылар арасында күн сайын ұстап газет оқып, жиі-жиі әңгімелер сізін отырды.

Сол сияқты, осы аудандағы Березово мектебінің Ольга Омельченконың басқаруындағы пионерлер отрядынан 32 оқушы ауыл шаруашылық жұмыстарын іргіздеу колхозға үлкен қолдабыс тигізді. Олар бір айдың ішінде 1050 еңбек күнге ие болды. Мұнымен бірге, жас оқушылар колхозшылар арасында үгітшілік жұмысын перменіше өрістету зор көмек көрсетті.

Облыс мектептерінің жекелеген оқушылары оқуға бос уақыттарының барлығын колхоз жұмысына пайдаланып, көп еңбек күн тапты. Конюхов ауданындағы Октябрь 7 жыл мектебінің оқушысы Девяткин Василий 1 августқа дейін 110 еңбек күнге ие болды. Девяткин қазір сабақтан бос уақытын масақ жыйнауға пайдаланып

Базғы дем алыс кезінде колхоз өндірісін белсене қатынасқандардың бірі — он ауданындағы Еңбек орта мектебінің 8 клас оқушысы В. Бекішев болды. Жаз бойы егіннің арам шөбін отауда, жабуда және егін жыйнауға жұмыс істеп, 81 еңбек күнге ие болды. Мұ-

### Облысымыздың егін даласында

(Облыстық жер бөлімінің 10 сентябрьдегі мәліметі бойынша)

**ЕГІН ЖЫЙНАУ.** 10 сентябрьге дейін колхоздарда 195783 гектар егін орылып, жоспар 51,7 процент орындалды. Колхоздарда 9 сентябрь күні 6274 гектар егін орылды. Барлық орылған егіннің 80925 гектары комбайнмен жыйналды, 80806 гектар егін маяланды. Комбайнмен жыйналғанын қоса есептегенде 105617 гектар егін бастырылды.

Егін ору жоспарын Октябрь ауданының колхоздары 58,9 Петропавл ауданының колхоздары 58,6, Преснов ауданының колхоздары 54,8 және Ленин ауданының колхоздары 54,4 процент орындады. Бұл жұмыста бұрынғыша Конюхов, Совет, Булаев және Полудень аудандарының колхоздары артта келеді. Бұл аудандардың колхоздарында жоспардың орындалуы 41-45 проценттен аздап ғана асты. Күзгі ЕГІС ЕГУ. Күзгі өгіс егудің үніміміз бен партиямыздың тағайындаған мерзімі өтіп кетседе, облыс колхоздарында небары 50695 гектар ғана өгіс егіліп, жоспардың орындалуы 50,7 процент болды. Соңғы бір күнде облыс бойынша егілген өгіс мөлшері 2046 гектар болды.

Күзгі өгіс егу жоспарын Булаев ауданының колхоздары 65,1, Конюхов ауданының колхоздары 63,- Мамлют ауданының колхоздары 62,2, Петропавл ауданының колхоздары 60,9 және Преснов ауданының колхоздары 59 процент ғана орындап отырса, Полудень, Приешім, Совет және Соколов аудандарында жұмыс қарқыны бұданда баяу болып отыр. Бұл аудандарда жоспардың төң жартысы да орындалған жоқ. Ал Ленин ауданының колхоздары небары 4770 гектар өгіс егіп, жоспарды 34 процент ғана орындады. Бұл ауданда күзгі өгіс жөніндегі соңғы бір күнді өсім 269 гектар ғана болды.

**ЗЯБЬ ЖЫРТУ.** Облыс колхоздарында 24179 гектар зябь жыртылды. Бұл зябь жырту жоспарының 13,8 проценті. Зябь жырту жөніндегі соңғы бір күнді өсім небары 643 гектар болды. Бұл күні Октябрь ауданының колхоздары бірде-бір гектар зябь жыртыпты.

Зябь жырту жоспарын Полудень ауданының колхоздары 24-9, Петропавл ауданының колхоздары 20,8 және Мамлют ауданының колхоздары 15 процент орындады. Бұл жұмыста әсіресе Преснов, Конюхов, және Совет аудандарының колхоздары кешіргісіз артта қалып қойды. Бұл аудандарда жоспардың орындалуы 5-13 проценттен аспайды.

### Алматылықтардың шақыруы бойынша

Алматы облысы колхозшыларының үндеуі Соколов ауданы колхозшыларының арасында зор қолдау тапты және оларды бұрынғыдан да асқан күш жұмсап, жұмыс істеуге жігерлендірді. Колхозшылар алматылықтардың үндеуіне жауап ретінде Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістете білді.

Бүкіл дүние жүзілік екінші соғыстың аяқталуымен жігерленген «Труд» колхозының колхозшылары мен колхозшы әйелдері алматылықтардың үндеуін талқылағанда 20 сентябрьге дейін егінді ору және бастыру жұмыстарын толық аяқтауға міндеттенді. Бұл міндеттемені аброймен

Колхозда астық бастыру жұмысының қарқыны күшейуде. Тұрып соғуда «Сталинец» комбайнымен бір күнде 23 гектар астық бастырылды.

Алматылықтардың үндеуіне «Трудовик» ауыл шаруашылық артелинің мүшелері де іспен жауап беруге жаппай жұмылып отыр. Артель мүшелері бұл үндеуді талқылағаннан кейін, жұмысқа жаңа қарқын берді, сөйтіп, еңбек өнімін өсілеп арттыруға жетісті. Әсіресе Максим Соловьев жолдас басқарған комсомол-жастардан құралған лобогрейкашылар звеносының мүшелері қажырлы қайратпен жұмыс істеп жүр. Бұл звенода әрбір лобогрейкашы 4 гектар орнына, 6 гектар егін оралды.

### Порт-Артурды қорғау батырларына әскери хұрмет

Совет маршалдары мен генералдарының 1904-1905 жылдардағы тарихи ұрыстар жүргізілген жерде болуы

ПОРТ-АРТУР, 8 сентябрь. (ТАСС-тың арнаулы тілшісінен) 6 сентябрьде мұнда Қызыр Шығыстағы совет әскерлерінің бас қолбасшысы Советтер Одағының Маршалы Василевский, 1-Қызыр Шығыс майданының қолбасшысы Советтер Одағының Маршалы Мерецков, Забайкал майданының қолбасшысы Советтер Одағының Маршалы Малиновский, авиация Бас Маршалы Новиков, авиация Маршалы Худяков, артиллерия Маршалы Чистяков, Қызыл Армияның, генералдары мен офицерлерін ертіп келді.

Қалаға кіре беріс жолдарда Порт-Артур жеріне бірінші болып кірген бөлімшелерден хұрметті қарауыл сапқа тұрды. Хұрметті қарауылдан мәлімдеме алғаннан кейін Порт-Артур гарнизонының бастығы генерал-лейтенант Ивановтың қостауымен Маршал Василевский және оған еріп келген әскери басшылар 1904-1905 жылдардағы Порт-Артурды қорғауда орыс жауынгерлері шайқасқан тарихи жерлерде болды. Олар өз уақытында даңқы асқан онбесінші батарея тұрған тарихи алаңды генерал Алексеевтің штабы тұрған Перелелная тауын, Порт, Артурдың соғыс музейін көрді.

16 сағатта маршалдар мен генералдар Порт-Артур үшін тарихи ұрыстарға қатысушы — орыс армиясы мен флотының 15 мыңдай солдатты мен офицері жерленген орыстың соғыс зиратына келді.

Зиратта бікте орыс даңқы мен батырлығының ескерткіші сақталыпты. Мраморда мынадай жазу бар: «Мұнда Порт-Артур қамалын қорғауда қаза тапқан айбынды орыс жауынгерлері жерленген». Осы ескерткіштің айналасына совет офицерлері, қызылфлотшылар мен қызыл-әскерлер сапқа тұрды. Олардың көпшілігі Сталинград іргесінде ұрысқа кіріп, жорығын Тынық мұхиттың жағалауында аяқтады.

Генерал-лейтенант Безуглый былай деп рапорт берді:

«— Советтер Одағының Маршалы жолдас! Порт-Артурдағы совет гарнизонының әскерлері 1904—1905 жылдары қаланы қорғауда қаза тапқан орыс жауынгерлеріне хұрмет көрсету үшін сапқа тұрды».

Қаралы күй ойналды. Советтер Одағы-

### Польша кәсіпшілер одағының қызметі

ВАРШАВА, 7 сентябрь. (ТАСС). Жақын арада Варшавада Польша кәсіпшілер одақтарының Орталық Комиссиясының пленумы аяқталды. Пленумға комиссия мүшелері, орталыққа бағынатын 19 кәсіпшілер одақтарының бас секретарьлары, сол сияқты кәсіпшілер одақтары округтік комиссияларының секретарьлары қатысты.

Пленум, кәсіпшілер одақтары Орталық Комиссиясының бірінші мәжілісінен бері — 1944 жылғы ноябрьден кейінгі дәуірдің кәсіпшілер одақтарының ұйымдарын қалпына келтіру және кәсіпшілер одақтары қозғалысын орталыққа бағындыру дәуірі болғандығын атап көрсетті. Орталық комиссиясының басшылығы арқасында кәсіпшілер одақтары дене қыймылы және өй өрісі еңбегінің 1 миллиондай қызметшілерін біріктіруші жаппай ұйым болуға дейін өсті. Сол сияқты, қабылданған қаулыларда Польша еңбекшілерінің жағдайын жақсарту ісінде қол жеткен едәуір табыстар атап көрсетілді. Пленум, Польшаның кәсіпшілер одақтары қозғалысының Подшаның Ұлтты Азат ету Комитетінің саясатын дер кезінде қолдап, ал қазір демократияшыл Польша еңбекшілерінің мүдделеріне толық сай келетін Ұлт Бірлігінің Уақытша Үкіметіне қолдабыс тигізіп, бірден-бір тура жолға көш-

көндігін атап көрсетті. Кәсіпшілер одақтары Орталық Комиссиясының пленумы үкметтің әлеуметтік қамсыздандыру ісі үшін кәсіпшілеріне белгілі бір сома алу, еңбекшілерді жас дықтау үшін арнаулы қор ұйымдастыру балаларды жабдықтау, өтынмен және кәросинмен жабдықтау ісін ұйымдастыру мемлекеттік қызметшілер мен әлеумет орындары қызметшілерінің еңбек ақыларын ашу туралы қаулы алуын сұрап балалар яслилері мен балалар бақшаларын алу туралы қаулы алуын сұрап жөнінде қарар қабылдады. Мұнымен қатар, пленум кәсіпшілер одақтарының мүшелерін еңбек өнімділігін арттыруға шақырды, сөйтіп еңбекшілердің тұрмысының жақсарып, елдің қалыңа келтірілу тікелей осыған байланысты екендігін атап көрсетті.

Пленум қарарларында елдегі керітартпалардың зыянкестік ісі мен алыпсатарлар қатты сынға алынды. Пленум үкметтің алыпсатарларға, зыянкестерге, қызмет бабын пайдаланушыларға, қарақшылыққа қарсы күресу жөнінде кәсіпшілер одақтарының өкілдерімен және саяси партиялардың өкілдерімен бас қосқан арнаулы комиссия ұйымдастырып, арнаулы халық соттарын құруын сұрап, бұл жөнінде қарар қабылдады.

### Франциядағы сайлау алдында

Жалпыға бірдей еңбек конфедерациясының конфедерациялық комитетінің мәжілісі

ПАРИЖ, 7 сентябрь. (ТАСС). Жалпыға бірдей еңбек конфедерациясының конфедерациялық комитетінің мәжілісінде комитеттің бас секретарі Фрашон Франция өнеркәсібінің жағдайы және өндірістік мәселесі жөнінде кәсіпшілер одақтарының алдында тұрған міндеттер туралы баяндама жасады. Өнеркәсіптің түрлі салаларындағы жағдайды талдап айта келіп және мысалдар келтіре отырып, Фрашон қайта құру жөніндегі жұмыстарды аяқтау үшін көп мыңдаған жұмысшылардың кезекті дем алыс алудан бас тартқандығын атап көрсетті.

Фрашон трестердің зыянкестік істерін әшкереледі. Де Голльдің аса ірі саяси бес ұйымның өкілдерін қабылдаудан бас тартқандығы туралы айта келіп, Фрашон мынадай мәлімдеме жасады: «Бостандықтың әлі пығыз орнамағандығын және оған қорғаушылар керек екендігін де Голль біздің есімізге салды. Бесінші топтың өкілдері барған сайын зұлым болып

на кесілген полицейскілөрге кешірім берілгендіктен, мынадай сұрақ қоюға болады:

«Өзінің үстемдігін орнату үшін мұндағы барлық керітартпаларды біріктіру мақсаты қойылып отырған жоқ па?» Фрашон, төртінші бұзу үшін Джердің (Француз разведкасы) провинцияда өтірік есек таратып, қастық жасалуын ұйымдас тыратындығын атап көрсетті. Ол Джердің ауыр қылмыс жасағаны үшін байырғы полиция тұтқынға алған бір агентінің сөзін келтірді. Бұл агент, Джердің айыпа 3 миллион франк ақша алатындығын және Джердің бұйрығы бойынша әбгершілік тұрғызу үшін өзінің қылмыс жасағандығын мойындады. «Бұл фашистер сияқты бүліншілік жасауға әрекеттенудің фактісі» — деді Фрашон.

Саясаттың кәсіпшілер одақтарының атқаратын міндетіне жатпайтындығы туралы де Голльдің мәлімдемесі жайында Фрашон былай деді: «Шарль де Голль

ағы Засоловка мектебінен Пуче-  
снов ауданындағы Богатин бас-  
кектебінен Осинова тағы басқа  
оқушыларды қосуға болады. Қа-  
оқушылар оқуға қызу кірісіп,  
Рның 25 жылдығына оқу өнді-  
е лайықты тартулар әзірлеу  
жұмысында.

**А. ФУГЛЕВА,**  
ық комсомол комитетінің мен-  
секретарі.

## Жексенбілікте

Қызыл Армия мен Одақтастар  
ының шаңқыншы Жапонияны  
е бүктірген тарихи жеңісінің  
е жеңіс күні кеменгер көсеміміз  
Одағының Генералиссимусы  
жолдастың халыққа арнаған үн-  
ұрметіне өткен жексенбіде Мам-  
ның қолхозшылары мемлекет-  
тапсыру жөнінде жексенбілік  
ырды. Ауданда жексенбілікке қа-  
бірде-бір қолхоз қалмады.  
і таңерініде қас қарайғанға де-  
і қара жолдармен және сурлеу  
і астық тиелген керуендер, ма-  
бірінен сөп бірі лек-легімен ағы-  
ы. Керуеншілердің ішінде өз-  
ын жеккен қолхозшылар да бол-  
шылар бұл күні астықты да-  
рына неғұрлым көбірек жеткізу  
ап келген шараның бәрін қол-  
ардағы жәшіктерге: «Астық  
са, еліміздің дәулеті арта-  
тық дайындау жоспарын мер-  
рын орындайық» деген ұран-  
ған бұл керуенді 13 жасар  
ич басқарып келеді. Оның жал-  
ы сапарында 60 пұт астық әке-  
Ал, оның қолхозы—«Молодая  
дайындау орнына бір жолда  
стық жеткізді. Катя Пуйтичпен  
ең жас керуенші Нина Дмит-  
жатыр. Нина Дмитриева бір-  
андау орнына төрт рет қаты-  
ұт астық әкелді. Бұл қолхоз  
йының алғашқы күндерінде  
1200 пұт астық тапсырды.  
ң қолхоздарынан дайындау  
а астық к о п т о п к е-  
. Елімізге неғұрамын зор көмек  
бел байлаған қолхозшы шаруа-  
тапсыру жұмысында тынбай  
е келеді. Тек ғана бір жексен-  
есток социализма» қолхозының  
айындау орнына 1200 пұт ас-  
ді. Ал, ауданың барлық қол-  
жсенбі күні дайындау орнына  
тан аса астық тапсырды.

**М. ХОЛИН.**

оастан-ақ еңбек өнімін еселеп арттыра  
бастады. Олардың әрқайсысы күніне 0,40  
гектар егін ору орнына, 0,58 гектар егін  
оруды айнымас дәстүрге айналдырды.

## Еңбек күнге мол астық алуда

Изотов жолдас председатель болып іс-  
тейтін «Қарағайлы» қолхозы Совет аудан-  
ындағы мемлекетке астық тапсыру озат-  
тарының бірінен саналады. Бұл қолхоз  
мемлекетке астық тапсырудың өткен ай-  
ға тағайындалған тапсырмасын 120 про-  
цент орындады. Мұнымен бірге, мұнда  
сентябрь айының алғашқы онкүндігіндегі  
тапсырмалар да артығымен орындалды.  
Қолхозшылар өздерінің егін даласында  
қажырлы еңбек істегендіктерінің игілігін  
көруде. Олар мемлекетке тапсырылған ас-

тықтың 15 проценті есебінен еңбек күн-  
деріне мол астық алуда.

Әзірге қолхозда әрбір еңбек күнге 500  
грамнан астық бөлінді. Заттай ақыға  
бөлінген астық тікелей егін жыйнау жұ-  
мыстарында істеп жүрген қолхозшыларға  
берілді. Қолхозды ауылдың таңдаулылары  
А. Жұсыпов және Б. Шәйдуллина жол-  
дастар алғашқы аванстың өзінде-ақ 19  
пұттан астық алды.

## 5200 пұт астық тапсырды

Алматылық қолхозшылардың үндеуін  
талқылағаннан кейін Октябрь ауданында-  
ғы «Өрнек» қолхозында егін жыйнау  
және мемлекетке астық тапсыру жұмыс-  
тары қыза түсті. Қолхозда егін жыйнау  
жұмыстарының озаттары қатарына жаңа  
адамдар қосылды.

Қолхозшы Сейтенова және Макина жол-  
дастар егін маялауда күнделік жұмыс  
мөлшерін үнемі асыра орындап,  
қолхозшылар арасында зор беделге не бо-  
лып отыр. Осы сыяқты, лобогрейкашы

Ахметов және Аманбетов жолдастар да  
лобогрейкамен көп егін жыйнау жөніндегі  
бастаманың жаршысы болған Сауығов  
жолдастың үлгісі бойынша жұмыс істеп  
жүр. Бұлар күн сайын 5-6 гектардан  
көп егін орып көрген емес.

Қолхозшылардың егін жыйнауға осын-  
дай қажырлы еңбек істеуі нәтижесінде  
мемлекетке астық тапсыру жұмысы қыза  
түсті. Қолхоз бүгінгі күнге дейін мемле-  
кетке 5200 пұт астық тапсырды.

## Сөртін аброймен орындауда

Преснов ауданындағы «Ортақ көл»  
ауыл шаруашылық артелінде жұмыс істей-  
тін Харченко жолдас басқарған № 1  
трактор бригадасының тракторшылары  
республиканың алдыңғы қатарлы ком-  
байншыларының үлгісі бойынша, егін  
жыйнау кезінде ұйымдастырылған Бүкіл-  
одақтық социалистік жарысқа ұштасқан-  
да, бітік егінді дер кезінде, ысырансыз  
жыйнап алу жөнінде қолхозға барынша  
көмек көрсетуге міндеттенген болатын.

Трактор бригадасының тракторшылары  
мен комбайншылары алынған міндеттеме  
мен берген сөртті аброймен орындауда.

## Қызыл керуендер

9 сентябрьде—жексембі күні Соколов  
ауданының бірсыпыра қолхоздарында мем-  
лекетке астық тасу жөнінде қызыл ке-  
руендер ұйымдастырылып бұл күні да-  
йындау орындарына көп астық жеткізіл-  
ді. Қызыл керуен ұйымдастырған Воро-  
шилов атындағы қолхоздың мүшелері бір

Егер жұмыстың қазіргі қарқыны бәсеңде-  
тілмесе, бұл мақсаттың бұлжымай жүзеге  
асырылуы сөзсіз.

**Н. ХАМИДУЛЛИН**

тықтың 15 проценті есебінен еңбек күн-  
деріне мол астық алуда.

Әзірге қолхозда әрбір еңбек күнге 500  
грамнан астық бөлінді. Заттай ақыға  
бөлінген астық тікелей егін жыйнау жұ-  
мыстарында істеп жүрген қолхозшыларға  
берілді. Қолхозды ауылдың таңдаулылары  
А. Жұсыпов және Б. Шәйдуллина жол-  
дастар алғашқы аванстың өзінде-ақ 19  
пұттан астық алды.

**Т. КӘДІРОВ.**

Ахметов және Аманбетов жолдастар да  
лобогрейкамен көп егін жыйнау жөніндегі  
бастаманың жаршысы болған Сауығов  
жолдастың үлгісі бойынша жұмыс істеп  
жүр. Бұлар күн сайын 5-6 гектардан  
көп егін орып көрген емес.

Қолхозшылардың егін жыйнауға осын-  
дай қажырлы еңбек істеуі нәтижесінде  
мемлекетке астық тапсыру жұмысы қыза  
түсті. Қолхоз бүгінгі күнге дейін мемле-  
кетке 5200 пұт астық тапсырды.

**Т. КӘНІМОВ.**

Комбайншы А. Жұмықов және трактор-  
шы О. Жұмықов жолдастар республика-  
мыздың 25 жылдығы атындағы социалис-  
тік жарыста үздік шығу үшін, «Кому-  
нар» комбайншымен күнсайын 9—10 ге-  
ктар егін жыйнап келеді. Ал оларға тап-  
сырылған күнделік мөлшер 8 гектар еді.  
Қазір қолхоздағы комбайн агрегаты қол-  
хозымызға 200 гектардай егін жыйнап  
берді. Мұның өзі қолхоздың астық да-  
йындау жұмысын ойдағыдай жүргізуіне  
көп әсер етіп отыр.

**З. ИМАНБАЕВ.**

күнде дайындау орнына 150 центнер ас-  
тық жөнелтті.

Мұндай қызыл керуен Ленин атындағы  
қолхозда да ұйымдастырылды. Бұл қол-  
хоздың керуеншілері бір күнде мемлекет-  
ке 100 центнер астық тапсырды.

**Н. ҚАЙДАРОВ.**

## Советінде

## Отан соғысының мүгедектерін жұмысқа орналастыру

Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақ-  
тық Орталық Советінің секретариаты  
Отан соғысының мүгедектерін жергілікті  
өнеркәсіп орындарына жұмысқа орналас-  
тыру туралы қарар қабылдады.

Көп кәсіпшілер ұйымдары бұл мәселе-  
ге толық көңіл бөлді. Сауығып келе-  
жатқан жауынгерлерге әртүрлі маман-  
дық үйрету кеңінен қолданылуда. Мұның  
үшін госпитальдар және емдеу орындары  
жанында мамандық үйрететін мастерс-  
койлар ашылуда. Кәсіпшілер одақтары  
ның кейбір облыстық және аудандық  
комитеттері әлеуметтік қамсыздандыру  
орындарымен үнемі байланыс жасап  
отырады, жұмысқа жарайтын мүгедек-  
терді есепке алады, оларға жұмыс тауып  
береді, олардың жаңа мамандықты мең-  
геруіне көмектеседі. Мемлекеттік 1-под-  
шипник зауытында мүгедектерді есепке  
алып отырады, оларға қамқорлық  
көрсетіледі: мүгедектердің өнер үй-  
ренуі қамтамасыз етіледі, пәтер-үй тұр-  
мыс жағдайлары жақсартылып отырады,  
демалыс үйлеріне және санаторияларға  
жіберіледі. Кәсіпшілер Одақтарының Бү-  
кіл Одақтық Орталық Советінің секрета-  
риаты түсті металл өнеркәсібі жұмысшы-  
лары одағының Орталық Комитетіне  
талдаудағы екі айдың ішінде шаруашылық  
орындарымен бірге Отан соғысы мүгедек-  
терінің жұмыс жағдайын тексеруді  
ұсынды. Жергілікті өнеркәсіп орындары-  
мамандығын арттыру шараларын қолдану  
қажет. Мүгедектерді аудандық өнеркәсіп  
комбинаттарының, тұрмыс хажетін өтеу  
комбинаттарының директорлары,  
цехтардың бастықтары, мастерлер, тех-  
никалық басшылар ретінде басшылық  
жұмысқа кеңінен пайдалану керек.

Фабрика-завод комитеттері Отан соғы-  
сының мүгедектеріне өндіріс өнерін үйре-  
ту жоспарларын жергілікті өнеркәсіп  
орындарының қалай орындап жатқанын  
бақылап отыруы керек. Сол сыяқты,  
өндіріс жағдайларында еңбек етуге жар-  
амсыз мүгедектерге үйлерінде істеуге  
жұмыс беруге көмектесу керек. (ТАСС).

## БЕЛОРУСС ССР ӨКІЛДЕРІНІҢ ЛОНДОННАН ҚАЙТА ОРАЛУЫ

МИНСКІ, 8 сентябрь. (ТАСС). Белорус  
ССРның Біріккен Ұлттардың көмек және  
қалпына келтіру әкімшілігінің Лондонда  
болған үшінші сессиясына қатнасқан  
өкілдері қайта оралды.

сентриорде Венгрияның уақытша Ұлт  
Жыйылысының үшінші мәжілісі ашылды.  
Жыйылыс Бас Министер Миклош Белоның  
үкметтің жұмысы туралы есепті баянда-  
масын тыңдады.

Бас министрдің баяндамасы бойынша,  
партиялар мен кәсіпшілер одақтарының  
қайраткерлері және Венгрияның Сыртқы  
Істер Министрі Дьендьеші Янош жарыс  
сөз сөйледі.

Уақытша Халық Жыйылысының Пред-  
седателі Жедени Бела қайраткерлердің  
сөйлеген сөздері негізінде ол партиялар-

## Германияның Норвегиядағы әскерлері соғыс мүлкін жоюда

ОСЛО, 6 сентябрь. (ТАСС). Осы уақыт-  
қа дейін мұнда жүрген герман әскерлері  
Германияға жөнелтілер алдында қолдарын  
да бар барлық техникасы мен киім-кө-  
шек қоймаларын өртеп, жоюда. Жұртшы-  
лық бұл фактіге таң қалуда. Вассасөз  
бақылауына қарамастан, газеттер бұл  
жолсыздыққа қарсы наразылық білдіру-  
де. «Фрихттен» газеті былай деп жаза-  
ды:

Біз елімізде бүліншілік тоқталды деп  
ойлаған едік, алайда іс олай болмай шық-  
ты. Таңғажайып түрде болғанымен де,  
бүліншіліктер әлі болып жатыр.

Немістер өздерінің құрал-жабдықтарын  
жойып, автомобильдерді қыйратуда, сөй-  
тіп оларды төңізге тастауда, көршелерін  
және басқа бұйымдарын отқа салуда.  
Одақтастар әскерлері, сол сыяқты норве-  
гиялықтар бұл жойқын істің қалай жүр-  
гізіліп отырғандығын көріп отырса да,  
оған қарсы ешбір шара қолданбай  
отыр.

«Моргенбладет» газеті Ритсаус агент-  
тігінің хабарына сүйенсе отырып, былай  
деп жазады: «Норвегиядағы герман әс-  
керлерінің қару-жарақтары мен соғыс  
мүлкін жою одақтастар командованиясі-  
нің бұйрығы бойынша жүргізіліп отыр-  
ғандығы туралы хабар алынды. Бұл бұй-  
рық немістер басып алған елдерден одақтас-  
тар әскерлері көшіп көткенге дейін орын-  
далуға тиісті еді. Бұл жойқыншылықтың  
себебі герман соғыс индустриясының қал-

## «ОКТАБЬР» КИНО-ТЕАТРЫНДА

Бүгін және күн сайын  
«ШАПҚЫНШЫЛЫҚ»

деген дыбысты фильм көрсетіледі.  
Ойын кешкі сағат 6-8-10-да басталады.  
Касса күндізгі сағат 3тен бастап ашық.

Күнізгі седанстар

«КОНЕЦ ГОРБУНОК»

Ойын күндізгі сағат 2-4те басталады. Касса  
күндізгі сағат 3тен бастап ашық.

тіндігін жариялады.

Ұлт жыйылысы үкмет шығарған бар-  
лық декреттерді және Ұлт Жыйылысы  
саяси Комиссиясының қарарларын бе-  
кітті. Жедени Бела Жоғарғы Ұлт Кеңесі-  
нің қатарындағы өзгеріс туралы хабар  
жариялады. Мұнда Гере Эрненін орнына  
қазір Равай Пожер тағайындалды.

Ұлт Жыйылысы мемлекеттік өкмет  
орнының түрі туралы мәселе біржолата  
пешілгенге дейін Жоғарғы Ұлт Кеңесіне  
өкілдер тағайындауға, елшілерге өкіл-  
діктер беруге және халықаралық шарттар  
жасауға өкілдік берді.

пына келтірілуіне ешбір мүмкіншілік бер-  
мей, кедергі жасау және жер-жерлерде  
жасырын түрде неміс қарушының саты-  
луын болдырмау жөнінде бірден-бір тілек  
білдіру болып саналады. Егер Норвегия  
жағы Н о р в е г и я жағалауындағы  
бекіністерді талқандау Норвегия  
ның келешектегі қорғану мүддесін еске  
алмастан жүргізіліп жатыр деп есептей-  
тін болса және мұның себебі анық жағ-  
дайды білмеушілік дейтін болса, онда бұл  
дұрыс. Бүкіл Норвегия жағалауы бойын-  
дағы немістердің барлық құрылыс-жаб-  
дықтарының көптеп жойылып жатқанды-  
ғы анық. Бірақ, одақтастар норвегиялық-  
тардың кейбір құрылыстарды бүлдірмеу  
жөніндегі тілектерін шын ниетпен еске  
алады. Норвегияның соғыс өкмет орында-  
рының бұл құрылыстарды тексеріп кө-  
ріп, өздеріне керекті батареяларды, әс-  
ресе торпеда және зенит батареяларын  
атап көрсетуге мүмкіншіліктері болды.

Бұдан соң газет өз ойынан былай деп  
жазады: «Ритсаус агенттігі арқылы алын-  
ған бұл түсіндірме күмәнді хабар және  
ол бізді қапақаттандыра алмайды. Міне,  
сондықтан ба біз одақтастардың Норве-  
гиядағы өкмет орындарынан, сол сыяқ-  
ты Норвегия өкметінен жұртшылыққа ти-  
істі түсінік беруді өтіндік».

## Жауапты редактордың орынбасары Г. МУХАМЕДЖАНОВ.

Мәдениет және тынығу паркінде ашық  
эстрадада «КОНЦЕРТ-ВАЛЬС».  
Ойын кешкі сағат 10да басталады.

\*\*\*

## «УДАРНИК» КИНО-ТЕАТРЫНДА

Бүгін және күн сайын  
«БҰЛ ДОНБАСТА БОЛҒАН»  
деген дыбысты фильм көрсетіледі. Ойын  
кешкі сағат 6-8-10-да басталады. Касса  
күндізгі сағат 3тен бастап ашық.